

«Сейфуллин оқулары – 18: « Жастар және ғылым – болашаққа көзқарас» халықаралық ғылыми -практикалық конференция материалдары = Материалы международной научно-практической конференции «Сейфуллинские чтения – 18: « Молодежь и наука – взгляд в будущее» - 2022.- Т.1, Ч.IV. - Б. 97-99

БҚО-ДАҒЫ БҰЛДЫРТЫ ӨЗЕНІ БАССЕЙІНДЕ ТАРАЛҒАН КҮРДЕЛІГҮЛДІЛЕР(ASTERACEA) ТҰҚЫМДАСЫНЫҢ ФЛОРИСТИКАЛЫҚ ҚҰРАМЫ

*Анатолий Р.Қ., 1 курс магистранты
М.Өтемісов атындағы Батыс
Қазақстан университеті Орал қаласы*

Біздің зерттеулі ауданымыз Евразиятық дала зонасына, құрғақ бос шөпті ақселеулі және шөлейтенген жартылайбұташықты жусанды – бетегелі – селеулі дала [2]. Біздің зерттеу объектіміз БҚО-ның шығыс бөлігінде орналасқан Бұлдырты өзені бассейнінде таралған күрделігүлділер тұқымдасы(Asteraceae). Зерттеу объектіміздің жалпы ұзындығы 258 км, 8 саладан тұрады. Бұлдырты өзені GPS N 50° 34'617 E 53°62'336 – Оралүстірті бор алабының Былқылдақ батпақты жері арасында жатқан Былқылдақ және Жосалы сайларының қосылған жердегі, Ақсуат ауылынан солтүстік батысқа қарай 1 км жерден басталады да, ауданның оңтүстігінде Жетікөл ауылынан оңтүстікке қарай 10 км жердегі Жалтыркөл көліне құяды. Су жиналатын алабы 4660 км² [1].

Біздің негізгі зерттеу объектіміз - Бұлдырты өзені бассейнінің флористикалық құрамы. Бұлдырты өзені бассейнінің жалпы ұзындығы арналарға бөлінеді, орталық террасса жайылмаларымен әртүрлі фрагмент субстраттарынан тұрады (бор, мергель, құм және әртүрлі балшықтар). Өзеннің барлық бөлігінде рельефі, топырақ құрамының микроклиматы әртүрлі. Сондықтан флористикалық құрамын анықтағанда біз әртүрлі өсімдік түрлерінен 336 түр, 65 тұқымдас, 205 туыс. Қазіргі уақытта бүкіл әлемде күрделігүлділер тұқымдасының 33000, ТМД елдерінде 20000 түрі бар. Қазақстан территориясында 700 түрі таралған. В.В.Ивановтың (1966) қолжазбаларында күрделігүлділер тұқымдасының 220 түрі Солтүстік Каспий маңының флорасының 1 күрделігүлділер Солтүстік Каспий маңында таралған ты өзені бассейнінде].





1-сурет. Сырым ауданы территориясындағы Бұлдырты өзені

Өзен бастауы мен сағаларында тұқымдас өкілдері өте иілімді түрде араласып таралған. Туыстық спектр бойынша тұқымдастар арасынан саны жағынан ірі туыстарға: *Artemisia* – 10(15,2%), *Inula* - 4 (6,5%), *Achillea* - 4 (6,5%), *Lactuca* - 3 (5%), *Sonchus* - 3(5%), *Galatella* – 2(3%), *Tanacetum* – 3(5%), *Petasites* – 2(3%), *Carduus* – 3(2%), *Chartolepis* - 3(5%). Негізгі доминантты бастаушы туыстар 1,5 %. Көріп тұрғандай туыстарды санауда құраушы 36туыс, барлық түрдің 55,3% алады.

Біздер биоморфологиялық анализ талдау кезінде Серебряков (1964) әдісі бойынша көпжылдық шөптекті поликарпикті негізгі деген 52 түрді алдық. Биологиялық сипаттамасы бойынша ұзынтамырсабақты, қысқатамырсабақты, кіндіктамырлы түрлеріне тоқталамын[4].

Қысқатамырсабақтыларға 15 (23%) түрлі өсімдік жатады. Сары алтыншыбық (*Solidago virgaurea* L.), Түкті қашқаргүл (*Aster amellus* L.), Татар далазығыры (*Galatella tatarica* Less.), Құм салаубас (*Helichrysum arenarium* (L.), Биік аңдыз (*Inula helenium* L.), Кәдімгі мыңжапырақ (*Achille millefolium* L.), Мың жапырақты түймешетен (*Tanacetum achilleifolium* (Bieb.), Ермен жусан (*Artemisia vulgaris* L.).

Кіндіктамырлы 12 (18,75%) түр - Ащы жусан (*Artemisia absinthium* L.), Жұмырбас лақса (*Echinops sphaerocephalus* L.), Ақжапырақ немесе кекіребас (*Jurinea polyclonos* (L.) DC.), Маршал тұқашы (*Chartolepis marschalliana* Spreng.), Орташа тұқаш (*Chartolepis scabiosa* L.), Кәдімгі шашыратқы (*Cichorium intybus* L.), Кәдімгі бақбақ (*Taraxacum officinale* Wigg.).

Ұзынтамырсабақты 10(15,6%) - Британ аңдызы (*Inula britannica* L.), Герман аңдызы (*Inula germanica* L.), Балуаншөп (*Achille ptarmica* L.), Үлкен ақбақай (*Petasites hybridus* (L.), Жалған ақбақай (*Petasites spurius* (Retz.) Reichenb.), Тікенқурай бояуыш (*Carduus oleraceum* (L.) Scop), Жатаған кекіре (*Acroptilon repens* (L.) DC.).

Флористикалық құрам бойынша біржылдық шөптекті монокарпикті 25 түрі ұсынылды (38,8%). Зерттеулі өзеніміздің негізгі қоректену ортасына арамшөптік ластану қаупі бар.

1) Біржылдық 13 (20%) - Ақшайыр аласы (*Gnaphalium uliginosum* L.), Жатаған бүргешөп (*Pulicaria vulgaris* Gaertn.), Теңбілгүл (*Cyclachaena xanthiifolia* (Nutt.) Fresen., Жусанжапырақты ойраншөп (*Ambrosia artemisiifolia* L.), Тікенді сарысояу (*Xanthium spinosum* L.), Бүрметікенді сарысояу (*Xanthium strumarium* L.), Үш тармақ итошаған (*Bidens tripartita* L.).

Екіжылдық 12(18,75%) - Сарғылт әлен (*Crepis tectorum* L.), Сібір сүтжапырағы (*Lactuca verucosa* L.), Жабайы сүтжапырақ (*Lactuca serriola* L.), Бурыл жерсағыз (*Chondrilla juncea* L.), Тікенді шағыртікен, ошаған (*Oenothera asanthium* L.)

Жартылай бұталы 6 (9%) - Дәрілік жусан (*Artemisia abrotanum* L.), Құм жусаны (*Artemisia arenaria* DC.), Маршаллов жусаны, көкшағыр (*Artemisia marshalliana* L.), Австрия жусаны, бөрте жусан (*Artemisia austriaca* Jacq.), Ермен жусан (*Artemisia vulgaris* L.), Лерхов жусаны (*Artemisia lerchiana* Web.), Қара жусан (*Artemisia pauciflora* Web.)

Біздің далалық зерттеулеріміздің нәтижесінде зерттелген аудан бойынша анықталған топтардың ішінде ең көп ерекшеленген – малазықтық, тағамдық, дәрілік, балжинаушы, эфир майлы өсімдіктер, инсектицидтік, улы өсімдіктер тіркелді. Солардың ішінде ең көп кездесетіндерге күрделігүлділер тұқымдастардан – *Artemisia*, *Senecio*, *Inula* туыстары жатады. Шаруашылық топтарына анализ жасау кезінде өсімдік флорасының 7 тобын анықтадық.

- ✓ Эфирлі-майлы өсімдіктер едәуір көп (24;36%). Эфирлі майдың жинақталуының ең көп саны *Artemisia marshalliana* L., *Artemisia austriaca* Jacq., *Gnaphalium uliginosum* L., *Inula salicina* L., *Achillea nobilis* L., *Artemisia arenaria* DC. және т.б. сияқты түрлерде анықталған. Эфир тасушылардың 10 түріне жуығы фармацевтикалық өндіріс пен ароматерапияда қолданыс табады.
- ✓ Малазықтық (16; 25%) - *Galatella punctata* (Waldst. et Kit.) Ness, *Achillea millefolium* L., *Artemisia absinthium* L., *Sonchus arvensis* L.
- ✓ Дәрілік өсімдіктерге (15;23%) - *Tanacetum vulgare* L., *Artemisia absinthium* L., *Artemisia vulgaris* L., *Melilotus officinalis* (L.) Pall., *Hypericum perforatum* L., *Thymus marschallianus* Willd., *Cichorium intybus* L. және тағы басқалар. Қалған түрлер фармацевтикалық жинақтаушы өсімдіктерді алмастырушы, халық медицинасындағы түрлер болып табылады.
- ✓ Тағамдық (7;10%) - *Inula helenium* L., *Bidens tripartita* L., *Artemisia dracunculus* L., *Carduus crispus* L., *Cichorium intybus* L.
- ✓ Зерттелген аудандар бойынша инсектицидті (5;7%) өсімдіктер өте аз тіркелген. Олардың қатарына *Tanacetum vulgare* L., *Taraxacum officinale* Wigg., *Helichrysum arenarium* (L.) Monech, *Inula britannica* L. *Pulicaria vulgaris* Gaertn., түрлерін жатқызамыз.
- ✓ Улы өсімдіктер (3;4%) - *Conyza canadensis* L., *Tragopogon dubius* Scop, *Gnaphalium uliginosum* L.

Зерттеу жұмысының қорытындысында біздің негізгі міндетіміз Бұлдырты өзені бассейінде күрделігүлділер тұқымдасының флористикалық құрамын ашу. Бұлдырты өзенінде Күрделігүлділер өзеннің бастауы мен сағаларында әртүрлі таралған. Биоморфологиялық қатынастар бойынша басымдылық көрсеткен шөптекті поликарпикті түрлер 52 (61,2%) және монокарпикті біржылдық 25 (38,8%) түрлер. Аталған түрлердің арасында үлкен көлемде ерекшелік көрсететін біржылдық арамшөптер болды. Олардың басты себебі күшті антропогендік факторлардың әсер етуі болды.

Шаруашылық спектр бойынша өзен жайылмасы мен аңғарларында басымдылық көрсеткен - эфирлі-майлы өсімдіктер едәуір көп (24;36%), малазықтық (16; 25%) улы өсімдіктердің үлесі аз байқалды (3;4%).

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Modeling soil erosion in the Chagan river basin of the west Kazakhstan with using RUSLE and GIS tools//Darbayeva,T; Ramazanova,N; Chashina,B; Berdenov,Zh; Mendybayev,E; Journal of Environmental Biology, спец. Special Issue;Lusknow Tom41, Изд.2,(Mar 2020):396-404. DOI:10.22438/jeb/41/2(Si)/JEB-18

2. Лавренко Е.М. //Степи Северной Евразии.-Москва 1990.-230 с.

3. Иванов В.В. Сложноцветные Северного Прикаспия // Материалы по флоре и растительности Северного Прикаспия. - Л., 1966, Вып. 2, ч. 3. -б. 1-142.

4. Ботаника с основами фитоценологии: Анатомия и морфология растений / [Т. И. Серебрякова, Н. С. Воронин, А. Г. Еленевский и др.]. — М.: ИКЦ «Академкнига», 2006. — 543 с.

5. Абдулинна С.А. Список сосудистых растений Казахстана Под редакцией Р.В.Камелина.-Алматы, 1998.-187 с.

6. Черепанов С.К. Сосудистые растения России и сопредельных государств. Москва 1995.-992 с.

7. Қалиев Б.-Өсімдік атаулары. Орысша-қазақша сөздік. Алматы «Ана тілі», 1993 ж., 103 б.

8. Қожабеков М., Қожабекова Г. Дәрілік өсімдіктер. – Алматы, «Қазақстан»- 1982. – С.3-5

9. Лотова Л. И. жоғары өсімдіктердің морфологиясы және анатомиясы. — М.: УРСС, 2010. - 512 п.

Электрондық ресурстар

1. <https://www.plantarium.ru/page/view/item/21450.html>

2. <https://ru.wikipedia.org/wiki>

3. <https://yandex.kz/>

4. <https://www.botsad.kz/>

5. <https://www.gov.kz/memleket/entities/>

